

әл-Фараби атындағы
Университеттің
«Үздік оқытушысы» атағына ие,
профессор

# Клара ҚАБЫЛҒАЗЫҚЫЗЫ:

# «Атақ қуып көрген жан емеспін...»

Мектеп оқушылары үшін «күні ертең кім боламын?» деген сұрақ жай нәрсе емес. Бұл мәселе ата-аналарды да толғандыратыны шындық. Өйткені бауыр еті балаларының ертең өмірден өз орнын тауып, елінің құрметіне бөленіп, абыройлы болып жүруі – үлкендердің де жатса-тұрса ойлайтын дүниелері. Себебі, бұл оңай шешілетін, жылдам бола салатын жұмыс емес. Ол көп ізденуді, қажымай еңбек етуді талап етеді. Осы тұрғыдан алғанда, алдыңғы буын өкілдерінің еңбек жолы, өмірлік ұстанымдары үлгі болатыны, олардан үйренудің зиян еместігі, сол жандарға ұқсаудың пайдалы жақтары да бар екені даусыз.

Ауылдан құстай ұшып алып шаһарға келіп, студенттен бұрын «балмұздақ» атанған кезде жоғары оқу орнында неше түрлі ұстаздар қарсы алған еді... Аудиторияны таппай, адасып жүрген алғашқы күндердің бірінде аққуба өңді, кей кезде, ешқандай боянбайтын бір жылы шырайлы оқытушы сабақ бастап та кетті. Біз кешіксек те, «жаңа, келді білім ордасына үйренісенше, біраз бір-бірінді жіті танығанша солай бола тұрады» деп еш қабақ шытпастан кіргізді. Бұл әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетіндегі сүйікті де, сұлу ұстазымыз – Клара Қабылғазықызы болатын. Ол үш оқу құралы, бір монография, бір ұжымдық оқулық, екі типтік бағдарламаның және жүзге тарта ғылыми мақала авторы. Дәріс оқығаны, сабақ түсіндіргені сондай тартымды да, қызықты. Теория мен тәжірибені ұштастыра отырып, телерадиожурналистика пәнін жетік меңгертті. Бірінші рет болашақ журналистерге олардың қажет құралының бірі – диктофонмен жұмыс істеуді үйреткен болатын. Әрқайсымызға топ ішінде бірден сұхбат жүргізіп, өзімізге лезде хабар жасаттырған еді...

***– Сіз мамандығыңызды қалай таңдадыңыз? – деген сұрағымызға Клара апай бүгін бізге былай деп сыр шертті.***

– Орта мектепте оқып жүрген уақытта, алғашқыда дәрігер болуды армандайтынмын. Себебі анам Бибатияны емдегім келетін. Сол анашым ерте қайтыс болып кетті... Одан кейін әдебиетке, журналистикаға жаным жақындау болатын, мектептің қабырға газетіне, аудандық газетке мақалалар жазып жүретінмін. Сол желеу болып, мектепті бітірген соң, Алматыдағы сол кездегі маңдайымыздағы шоқ жұлдыз университет – Киров атындағы (қазіргі әл-Фараби атындағы Ұлттық Университетіміз) сол биік білім ошағы, журналистика факультетіне оқуға түстім.

Университетті бітірген соң, мамандығыма орай, Іле аудандық газетінде әдеби қызметкер болып еңбек жолын бастадым. «Ауылдағы тұрмыс



*Ұстаз Клара апай студенттер ортасында*